

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Бекітемін

**«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының ректоры**

Ғ.С. Нығыметов

«13»

2025 ж.



**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНА ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАСЫ**

8-БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы 2025 ж.



Сапа менеджмент жүйесі

Мазмұны

Құжат төлқұжаты.....	3
Келісу парағы.....	4
1-тарау. Жалпы ережелер.....	5
2-тарау. Университетке қабылдау тәртібі.....	5
3-тарау. Университетке оқуға қабылдау тәртібі.....	8
Қосымшалар	15

Құжат төлқұжаты	
Құжат түрі	Қағида
Құжат атауы	«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидасы
Құжат мақсаты	Қабылдау қағидасының сипаттамасы: жалпы ережелер, талапкерлерді қабылдау ережелері, құжаттарды қабылдау ережелері, түсу емтихандарын өткізу тәртібі
Өзірлеген	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Келісілген	Академиялық қызмет жөніндегі проректор Ғылым жөніндегі проректор Даму жөніндегі проректор Заң департаментінің директоры Комплаенс қызметінің бас маманы
Бекіткен	Ректор
Құжат орындаушылары	Қабылдау комиссиясы
Орындалуын бақылаушы	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Құжатқа қосымша	Бар
Ерекшеліктер	Жоқ
Нормативтік сілтемелер	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР заңы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі ҚР заңы
Түпнұсқа иесі	Комплаенс қызметі

Келісу парағы

Қабылдау қағидасы келісілді:

Академиялық қызметі жөніндегі проректор

А. Мұнанхан
«13» шілде 2025 ж.

Ғылым жөніндегі проректор

К. Ахметбаев
«13» шілде 2025 ж.

Даму жөніндегі проректор

А. Жазықпаева
«13» шілде 2025 ж.

Заң департаментінің директоры

Т. Муратжан
«13» шілде 2025 ж.

Комплаенс қызметінің бас маманы

А. Аденев
«13» шілде 2025 ж.

Әзірлеген:

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

К. Ахметбаева
«13» шілде 2025 ж.

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-3-бабының 9) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» бойынша әзірленген және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына (бұдан әрі – ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы немесе Үлгілік қағида) сәйкес әзірленген.

1.2. Университетке түсуші тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы мен жоғары білімнің білім беру грантына орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Университетке қабылдау тәртібі

2.1 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

2.2 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі – ҰБТ) өткен және оның нәтижелері бойынша 1-қосымшаға сәйкес жинаған тұлғалар жіберіледі. Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

2.3 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсында ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатысады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

2.4 SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

Қазақ тілін B1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да "Қазақ тілі" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

2.5 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-3-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

2.6 Университет Заңның 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына және осы Үлгілік қағидаларға сәйкес Университетке қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

Түсушілер осы Үлгілік қағидалардың 2.2-тармағында белгіленген балдарға сәйкес мәлімделген Университетке қосымша емтиханға қатысуға өтініш береді.

Түсуші қосымша емтиханнан өткен және (немесе) Университетте белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда Университетке қабылданады (1-қосымша).

2.7 Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар ұлты қазақ адамдар қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

8-басылым

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

30 беттен 6



Университетке «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін, ақылы оқуға түсетін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша адамдарды қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі бар адамдарды Университетке қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, жалпы орта білімі бар азаматтарды Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау ҰБТ-ның нәтижелерін есепке алмай, күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиясымен ҰБТ-ның нәтижелерін есепке алмай өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады.

2.8 Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте шетелдік азаматтарды білім беру гранты және ақылы негізде қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен университеттер жүзеге асырады.

2.9 Университетке оқуға түсу кезінде «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №357 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33174 болып тіркелген) бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

2.10 Университетке түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі

сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында орналастырылатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.11 Университетте ректордың бұйрығымен Қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және Университеттің оқытушы-профессорлар құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады. Ректордың бұйрығымен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Бұл ретте, Университет келесі жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары тізілімінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды іске асырмайды.

3-тарау. Университетке оқуға қабылдау тәртібі

3.1. Университетке қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар Университетке Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Университеттің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Университет олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге Университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы Университетке құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет Ректорымен көрсетілетін қызметті алушыны Университет студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Университет Негізгі талаптар тізбесінің 2.10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Университет «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Үлгілік қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Университетке жолдауды қамтамасыз етеді.

3.2 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Университеттің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университет басшысының атына, жоғары тұрған әкімшілік

органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын қызмет беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес Университеттің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Жоғары тұрған әкімшілік органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

3.3 Университетке түсетін студенттер қатарына республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен және ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусым және 25 тамыз аралығында қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін университет ректорының бұйрығымен немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен жүргізіледі.

3.4 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы қағидалардың 2.2-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар университетке күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Университетте жаңа оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Осы қағидалардың 2.2-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша университеттен шығарылуға жатады.

3.5 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен жоғары білім алуға арналған білім гранты иегерлері, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу ақысы білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды. Білім беру бағдарламаларына кемі - 25 студент қабылданады. Аз санмен өтініш берушіден білім беру бағдарламасының тобына басқа білім беру бағдарламасын таңдау сұралады.

3.6 Университеттің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке қоса береді:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

3) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуреті;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматта 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама. Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

5) ҰБТ сертификаты;

6) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (бар болған жағдайда).

I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық және квотанын берілгенін растайтын құжаттарды қосымша береді.

3.7 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар келесі құжаттардың бірін қоса береді:

1) еңбек кітапшасының көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін ұсынылады);

2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

3) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтама;

4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шарты;

6) еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзінді-көшірме;

7) жұмыскерлерге жалақы беру ведомосынан үзінді-көшірме.

3.8 Қабылдау комиссиясына қабылдау қағидаларының осы тармағына сәйкес Университетке қабылдау үшін тұлғалар да өтінішке келесі құжаттарды қоса береді:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттар (түпнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;

3) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматта 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама. Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

4) ҰБТ сертификаты;

3.9 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген Университетке қабылдау туралы өтініш береді және Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

3.10 Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

3.11 №204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ тапсырған және осы Қабылдау қағидасының 2.3-тармағында белгіленген шекті балды жинаған орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғанға дейін ақылы негізде Университетке қабылдау туралы Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына өтініш береді.

3.12 Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сыныптарының білім алушылары күнтізбелік жылдың 1 ақпаны мен 25 тамызы аралығында Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына жалпы орта білім туралы құжатты алғанға дейін ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

3.13 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғаннан кейін оқуға түсушілер осы қабылдау қағидаларының 3.1-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

3.14 Осы Қабылдау қағидаларының 2.2-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар осы қабылдау қағидаларының 2.3-тармағында көзделген ҰБТ нәтижелері бойынша Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

3.15 Өтінішке ҰБТ сертификаты, уәкілетті адам қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

3.16 Осы қағидалардың 3.6, 3.7, 3.8-тармақтарында көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

3.17 Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары және тілдік бөлімдер бойынша жеке өткізіледі.

3.18 Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, оқуға түсуші құжаттар қаралуда екені туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған жағдайда Университет студенттерінің қатарына қабылданады. Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдағанға дейін төленуі тиіс соманы төлеу бойынша білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруға жол беріледі.

3.19 Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады.

3.20 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

3.21 Университет қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттерді Университетке қабылдау бойынша қорытынды есепті ұсынады.

1 -қосымша

Шекті баллдар

Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	Шекті балл	
	Күндізгі	Колледжден кейінгі күндізгі
B057 - Ақпараттық технологиялар	70	25
B058 - Ақпараттық қауіпсіздік	70	25
B059 - Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар	50	25
B062 - Электр техникасы және энергетика	50	25
B063 - Электр техникасы және автоматтандыру	65	25
B064 - Механика және металл өңдеу	50	-
B065-Көлік техникасы және технологиялары (Автокөлік құралдары)	50	-
B067 - Әуе көлігі және технологиялары	50	-
B094 - Санитарлық- профилактикалық іс-шаралар	50	-
B162-Жылу энергетикасы	50	25

1-1 қосымша

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары

Облыс кодымен	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы
6B06 Ақпараттық- коммуникация лық технологиялар	6B061 Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	1.Ақпараттық жүйелер
			2.Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
			3.Жасанды интеллект және деректерді талдау
	6B063 Ақпараттық қауіпсіздік	B058 Ақпараттық қауіпсіздік	4.Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері
			5.Жүйелік және желілік басқару
	6B062 Телекоммуника- циялар	B059 Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар	6.Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
			7.Телекоммуникациялық инженерия
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс	B062 Электр техникасы және энергетика	8.Электр энергетикасы
			9.Жаңартылатын энергияның технологиялары
			10.Жүйелік инженерия
			11.Энергетикалық инжиниринг және менеджмент
		B063 Электр техникасы және автоматтандыру	12.Автоматтандыру және басқару
		B064 Механика және металл өңдеу	13.Биотехникалық және медициналық жүйелер мен құрылғылар
			14. Электрондық инженерлік технологиялар
			15.Робототехника және мехатроника
		B065-Көлік техникасы және технологиялары	16.Электр көлік инженериясы
		B067 Әуе көлігі және технологиялары	17.Аэроғарыштық инженерия
			18.Дрондар және автономды жүйелер
			19.Жылу энергетикасы

8-басылым

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

30 беттен 16



Сапа менеджмент жүйесі

		V162-Жылу энергетикасы	20.Жылу және атом электр станциялары 21.Газотурбиналық және бу-газ қондырғылары 22.Атом электр станциялары және қондырғылары
6B11 Қызмет көрсету	6B112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	B094 Санитарлық- профилактикалық іс- шаралар	23.Өмір тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

1-2 қосымша

Білім беру бағдарламаларының топтары (БББТ) бойынша бейіндік пәндер

№	БББТ атауы	Толық оқыту		Қысқартылған оқыту	
1	В057- Ақпараттық технологиялар	Математика	Информатика	Математика	Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері
2	В058- Ақпараттық қауіпсіздік	Математика	Информатика	Информатика	Математика
3	В059- Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар	Математика	Физика	Электроника және схемотехника негіздері	Физика
4	В062- Электр техникасы және энергетика	Математика	Физика	Еңбекті қорғау	Электр техниканың теориялық негіздері
5	В063- Электр техникасы және автоматтандыру	Математика	Физика	Саланың технологиялық процесстерін автоматтандыру	Математика
6	В064- Механика және металл өңдеу	Математика	Физика	Материалтану	Еңбекті қорғау
7	В065-Көлік техникасы және технологиялары	Математика	Физика	Физика	Еңбекті қорғау
8	В067- Әуе көлігі және технологиялары	Математика	Физика	Авиациялық қауіпсіздік	Физика
9	В162-Жылу энергетикасы	Математика	Физика	Еңбекті қорғау	Жылу техниканың теориялық негіздері
8	В094- Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	Математика	Физика	Материалтану негіздері	Электротехника

2-қосымша

**«Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және
(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар
қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптар тізбесі**

1.	Университеттің атауы	Мемлекеттік қызметті Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті – (бұдан әрі – Университет) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) университет; 2) www. egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттарды қабылдау бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі, ал оқуға қабылдау күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты (практиканы ескере отырып)-15 минут.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық болып табылады. Университетке мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" Университеттің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Университеттің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	Университет: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, Университеттің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары: 1) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында: www.sci.gov.kz ; 2) порталда: www.egov.kz орналастырылған.
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Университетке жүгінген кезде: 1) Ректордың атына еркін нысандағы өтініш; 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (төлнұсқа); 3) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет; 5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады. 6) ҰБТ сертификатын; 7) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін); 8) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (болған жағдайда). Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады. портал арқылы өтініш жасаған кезде: 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) 3x4 көлеміндегі цифрлық фото; 3) ҰБТ сертификаты; 4) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік.

		Жеке басын куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтама, ҰБТ электрондық сертификаты және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) Университет "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушы порталда "жеке кабинетінде" Университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылдағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы Университетке күнтізбелік жылдың 20 маусым -25 тамызы аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады. Университетке қабылдау үшін мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар Университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады: 1) Ректордың атына еркін нысанда өтініш; 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа); 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); 4) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 6 фотокарта; 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама. Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	Университет мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Университеттің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Университет Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылған: www. sci.gov. kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.

2-1-қосымша

**SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына
ауыстыру шкаласы**

Халықаралық стандартталған SAT (ЭсЭйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру «Қазақстан тарихы» және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификатының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінде жинаған балды «оқу сауаттылығы» және «математикалық сауаттылық» пәндері бойынша ҰБТ сертификаты балдарына ауыстыруға болады (1-кесте).

Кесте 1. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тесті		ҰБТ	
Тест түрлері	Балдар	Тест түрлері	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	Кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	20-дан 13
		Математикалық сауаттылық	15-тен 11
	Кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	20-дан 15
		Математикалық сауаттылық	15-тен 12
	Кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	20-дан 17
		Математикалық сауаттылық	15-тен 13
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	Кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	20-дан 19
		Математикалық сауаттылық	15-тен 14
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән	45-тен 41
		2 бейінді пән	45-тен 41
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән	45-тен 42
		2 бейінді пән	45-тен 42
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән	45-тен 43
		2 бейінді пән	45-тен 43
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән	45-тен 44
		2 бейінді пән	45-тен 44

Ескерту: SAT subject балын ҰБТ дағы бейіндік пәндердің балына ауыстыру SAT subject иегерінің еркімен және балы 800-ден бастап ең төменгі 625 балдан кем болмаған жағдайда жүзеге ауыстырылады. SAT reasoning, SAT subject бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. SAT сертификатының иегері SAT subject бөлімінің балын ескермей, ҰБТ-ның бейіндік пәндерін тапсыруына болады.

*ҰБТ-ның бейіндік пәндері ретінде «Ағылшын тілі – Дүниежүзі тарихы» таңдаған және «World History» пәнін тапсырған SAT Subject иегерлерінің ағылшын тілінен International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшада белгіленген шкалаға сәйкес міндетті түрде сертификаты болуы тиіс.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

АСТ (ЭйСйТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру «Қазақстан тарихы» пәні бойынша қазақ немесе орыс тілінде ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін АСТ (ЭйСйТи) сертификатының мерзімі берілген күнінен үш жылдан аспауы керек.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесттің English, Mathematics, Reading бөлімдері бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның «оқу сауаттылығы» мен «математикалық сауаттылық» пәндеріне, Science бөлімі бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне белгіленген шкаласына сәйкес ауыстырылады (Кесте 3).

Кесте 3 Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесті		ҰБТ	
Тест бөлімі	Балдар	Тест бөлімі	Балдар
English	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 7
Mathematic		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
Reading (Инглиш мазематик ридинг)			
English	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
Mathematic		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
Reading (Инглиш мазематик ридинг)			
English	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
Mathematic		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
Reading (Инглиш мазематик ридинг)			
English	әр бөлім бойынша кемінде 26 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
Mathematic		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Reading			

(Инглиш мазематик ридинг)			
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 19 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 44 50-ден 44
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 21 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 46 50-ден 46
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 23 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 48 50-ден 48
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 26 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 50 50-ден 50

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін АСТ ең төменгі балы 36-ның 19 балдан кем болмауы тиіс. АСТ бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. АСТ Science бөлімінің биология, география, химия, физика белгіленген шкалаға сәйкес ҰБТ пәндеріне ауыстырылады.

IB (International Baccalaureate) (АйБи) Халықаралық бакалавриат бағдарламасы сертификаты/диплом балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 4-кестеде берілген.

Кесте 4. Халықаралық стандартталған IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

№	IB (АйБи) Пәндері	IB балдары	1	2	3	4	5	6	7
1	Математика/математикалық сауаттылық	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: IB (АйБи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты бар тұлғалар "Қазақстан тарихы" мен "Оқу сауаттылық" пәндерінен ҰБТ тапсырған жағдайда және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 5-кестеде берілген.

Кесте 5. A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндері	ҰБТ балдары	A Level (Э-Левел)					
			U	E	D	C	B	A
1	Математика/математика (математикалық сауаттылық)		3	5	6	7	8	9
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49

Ескерту: Халықаралық стандартталған тест сертификаттары SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) балдарын ҰБТ балдарына жекелеген пәндер бойынша ауыстыру жасалмайды.

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын ҰБТ («Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның «Шет тілі (ағылшын)» арнайы пәні бойынша балы
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және одан жоғары	50	50
2		5.5	46	46
3		5.0	42	42

Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL iTP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) балдарын ҰБТ («Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	60 және одан жоғары	50	50
2		46-59	46	46
3		35-45	42	42
1	TOEFL iTP (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	498 және одан жоғары	50	50
2		460-497	46	46
3		433-459	42	42

SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) халықаралық стандартталған тесттердің сертификаттарында (дипломдарында) ағылшын тілі пәні болмаған жағдайда Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес бірге қолданылуына рұқсат етіледі.

2-2-қосымша

**ҚАЗТЕСТ сертификаты балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы (бейіндік
пән/арнайы пән "Қазақ тілі")**

Тест түрі	Деңгейі	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" арнайы пән бойынша балы
КАЗТЕСТ	C1	50	50
	B2	46	46
	B1	42	42

2-3-қосымша

**«НЗМ» ДББҰ бітірушілерінің оқудағы нәтижелерінің сырттай бағалау
балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы**

№	Пәндер	«НЗМ» ДББҰ бітірушілері үшін							
		Максимальді балл	U(1)	E(2)	D(3)	C(4)	B(5)	A (6)	A* (7)
1	Қазақ тілі (оқу сауаттылығы)	10	3	5	6	7	8	9	10
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
3	Орыс тілі (оқу сауаттылығы)	10	3	5	6	7	8	9	10
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
5	Қазақстан тарихы	20	7	11	13	16	17	19	20
6	Математика (Математикалық сауаттылық)	10	3	5	6	7	8	9	10
7	Математика (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
8	Бейіндік пәндер	50	16	26	32	40	46	49	50

*Ең жоғарғы нәтиже

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамына
Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша оқуға қабылдау қағидасы

1-нысан

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика
және байланыс университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының ректоры
Ғ.С.Нығыметовке

(оқу мекемесін бітірген жылы, мектеп №)

бітірген

(аты-жөні)

ӨТІНІШ

Мені «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ-ға қабылдауыңызды сұраймын.

Бағдарлама: бакалавриат / колледжден кейінгі бакалавриат / ЖОО-дан кейінгі бакалавриат

Оқу түрі: күндізгі / күндізгі қысқартылған

Білім беру бағдарламасының тобы: _____

Білім беру бағдарламасы: _____

Оқу тілі: қазақ / орыс / ағылшын

Жатақхана: қажет / қажет емес

Өзім туралы келесілерді мәлімдеймін:

Туған күні: _____

Жынысы: ер/әйел

Туған жері: _____

Азаматтығы: _____

Құжат: Жеке куәлік / паспорт № _____

Кім және қашан берген: _____

Үй мекенжайы: _____

Ұялы телефоны: _____

Ата- анасы(қамқоршылар):

Әкесі: _____

(аты-жөні, жұмыс орны, байланыс телефондары)

Анасы: _____

(аты-жөні, жұмыс орны, байланыс телефондары)

Менің жеке мәліметтерімді жинауға және өңдеуге рұқсат беремін.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ-ға қабылдау ережелерімен таныстым.

« _____ » _____ 202_ ж.

(қолы)

8-басылым

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

30 беттен 28



Сапа менеджмент жүйесі

2-нысан

**«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және
байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

Сұхбаттасу хаттамасы

«__» _____ 202_ ж.

Алматы қ.

_____ институтының комиссиясы
Төрағасы: _____

Комиссия мүшелері (Аты-жөні, лауазымы)

_____,
(аты-жөні)

білім беру бағдарламасы бойынша сұхбаттасу жүргізілді.

Қойылған сұрақтар:

1. _____
 2. _____
 3. _____
- _____

Сұхбаттасу нәтижесі _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Комиссия мүшелері _____

Комиссия мүшелері _____

3-нысан

АЭЖБУ КеАҚ ректоры Ғ.С.Нығыметовке
_____ білім беру
бағдарламасының _____ курс студенті

(аты-жөні)
Телефоны _____

ӨТІНІШ

Басқа қаладан келген студент болуыма байланысты Сізден 202_ -202_ оқу жылына №_____ жатақханасынан бір жатын-орын беруіңізді сұраймын. Ақылы/тегін негізде (қажеттінің астын сызу) оқимын.

Жеке куәлік №_____, берілген күні_____, кіммен берілді _____.
Туған жылы: _____
Ұялы телефоны (ата-анасының/қамқоршысының): _____

Мен ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растаймын.

Ішкі тәртіп ережелерімен, сондай-ақ жатақханада тұрғаны үшін ақы төлеу тәртібімен және мерзімдерімен таныстым, оларды сақтауға міндеттенемін.

Осы міндеттемелер бұзылған жағдайда студенттік жатақханада тұру туралы шарт бұзылады.

Студент _____ «__» _____ 202_ ж.
(қолы) (күні)

СЖД директорының орынбасары _____ «__» _____ 202_ ж.
(қолы) (күні)

Жатақхана меңгерушісі _____ «__» _____ 202_ ж.
(қолы) (күні)